



Қаспi-дiң несие желiлерiн берудiң стандарт ережелерiне өзгерiс

10.04.2019ж. «AIQYN» 54 (3519), «ЛИТЕР» 54 (3522) газеттерiне жарияланған Қаспi-дiң несие желiлерiн беруiнiң стандарт ережелерiне (бұдан әрi – Стандарт ережелер) 01.10.2024ж. бастап Клиент үшiн жақсарту жағына мынадай өзгерiстер енгiзiлсiн:

1. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.1-тармағының 26) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:
«26) Овердрафт – Төлем лимитiнiң мөлшерiнен тыс **Операцияларды жүргiзуге байланысты**, сондай-ақ Қаспi алдындағы кез келген төлемдi және (немесе) берешектi (мерзiмдi немесе мерзiмi өткiзiлген), соның iшiнде төлем күнi Шотта ақша жеткiлiксiз болған кезде және/немесе Шотты пайдаланбай Қаспi-дiң iшкi транзиттiк шоты бойынша көрсете отырып, Клиентке банк қарызын беру есебiнен берешек оңтайландырылған жағдайда тұрақсыздық айыбын, комиссияларды, негiзгi борышты, Сыйақыны (Артық төлемдi) өтеуге байланысты туындаған Клиенттiң берешегi;».
2. Стандарт ережелердiң бүкiл мәтiнi бойынша «жиырма» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын.
3. Стандарт ережелердiң 3-бабының 3.3-тармағы мынадай редакциядағы 11) тармақшамен толықтырылсын:
«11) Берешектi сотқа дейiнгi өндiрiп алуға және берешектi реттеуге берген күнi бұл туралы Қарыз алушыға Мобильдi қосымша арқылы немесе Қарыз алушының Телефон нөмiрi арқылы коллекторлық агенттiктiң атауы, орналасқан жерi, борышкерлермен байланыс орнату үшiн коллекторлық агенттiктiң телефон нөмiрлерi көрсетiлген СМС-хабарлама жiберу арқылы хабарлауға мiндеттенедi».
